

«М.С. Нәрікбаев атындағы ҚАЗГЮУ
Университеті» АҚ
Басқарма Төрағасының шешімімен
БЕКІТІЛГЕН
2020 жылдың __ _____
№ __ хаттамасы

**«М.С. Нәрікбаев атындағы ҚАЗГЮУ Университеті» АҚ
білім беру қызметтеріне ақы төлеу ережесі**

1. «М.С. Нәрікбаев атындағы ҚАЗГЮУ Университеті» АҚ-да (бұдан әрі- Университет) оқу құны 1 (бір) кредит құнының және тиісті академиялық кезең (семестр) үшін жеке оқу жоспарында (ЖОЖ) айқындалған пәндер бойынша білім алушылар таңдаған кредиттер санының туындысынан шығады.
2. Оқуға ақы төлеу тіркеу басталғанға дейін 10 жұмыс күні бұрын әрбір академиялық кезең (семестр) үшін жеке жүргізіледі.
3. Академиялық жыл екі академиялық кезеңнен (семестр) тұрады: күзгі және көктемгі семестр, сондай-ақ жазғы және қысқы мектеп.
4. Білім беру бағдарламалары бойынша ұсынылатын нормативтік оқу мерзімі:
 - бакалавриат – 3 немесе 4 жыл;
 - магистратура – 1 немесе 1,5 немесе 2 жыл;
 - магистратура (МВА) – 1 немесе 2 жыл;
 - докторантура және DBA – 3 жыл.
5. Университеттің ішкі саясатына сәйкес бакалавриат білім алушылары, Университетке жаңадан түскендер және/немесе ауысу тәртібімен қабылданғандар үшін кредиттердің ең аз саны бір академиялық кезеңде (семестрде), «Дене шынықтыру» пәні бойынша кредиттерді қоспағанда 20 академиялық кредитті құрайды.
6. Білім алушылардың 4 академиялық жыл ішінде 240 академиялық кредитті игеруі үшін ұсынылатын академиялық кредиттер саны «Дене шынықтыру» пәні бойынша кредиттерді қоспағанда бір академиялық кезең (семестр) үшін 30 академиялық кредитті құрайды.
7. Мектептің эдвайзері білім алушыға «Дене шынықтыру» пәні бойынша кредиттерді қоспағанда бір академиялық кезеңде 30-дан 35-ке дейін академиялық кредит ұсынуы мүмкін.
8. Мектептің Академиялық сапа комитетінің (бұдан әрі – АСК) келісімі бойынша, өтініш негізінде білім алушы «Дене шынықтыру» пәні бойынша

кредиттерді қоспағанда бір академиялық кезең (семестр) үшін 36-дан 40-қа дейінгі академиялық кредитті оқуға тіркеле алады.

9. Тиісті білім беру бағдарламасы бойынша бір кредиттің құны әрбір жеке оқуға түсу жылы үшін «М.С. Нәрікбаев атындағы КАЗГЮУ Университеті» АҚ көрсетілетін қызметтер құнының тізілімімен айқындалған, атқарушы орган – Басқарманың шешімімен бекітілген.

10. «М.С. Нәрікбаев атындағы КАЗГЮУ Университеті» АҚ қызметтер құнының тізіліміне сәйкес қосымша академиялық, әкімшілік және өзге де тарифтер оқуға түскен жылына қарамастан барлық білім алушыларға қатысты.

11. Өткен кезеңде (білім беру қызметтері үшін де, жатақханада тұру үшін де және басқа да қызметтер үшін) қаржылық қарызы бар білім алушылар келесі академиялық кезеңде (семестрде) пәндерді оқуға тіркеле алмайды.

12. Білім алушының немесе білім алушының мүддесінде әрекет ететін ағымдағы академиялық кезеңдегі тұлғаның таңдаған академиялық кредиттерінің құны мөлшерінде оқу үшін ақы төлеу білім беру қызметтерін көрсету шартының талаптарына сәйкес академиялық күнтізбеге сәйкес (1-курс білім алушыларынан басқа) тіркеу басталғанға дейін 10 жұмыс күні бұрын толық мөлшерде жүзеге асырылуы тиіс.

13. Білім алушы осы ереженің 5-8-тармақтарына сәйкес Университеттің Академиялық саясатымен белгіленген кредиттер саны шеңберінде тиісті академиялық кезең үшін ғана білім беру қызметтеріне ақы төлейді.

2 (екі) және одан да көп академиялық кезең үшін, сондай-ақ бүкіл оқу мерзімі үшін ақы төлеуге жол берілмейді.

14. Осы ереженің 12-тармағын сақтамаған жағдайда білім алушының бастамасы бойынша да, Университеттің бастамасы бойынша да ақылы білім беру қызметін көрсету шартын бұзған кезде білім алушыға оның сабаққа қатысуына қарамастан ақшалай қаражат қайтарылмайды.

15. Білім алушы академиялық ұтқырлық бағдарламалары бойынша оқуға кеткен кезде білім алушы немесе оның заңды өкілі серіктес университетке ұшқанға дейін, "Erasmus+" бағдарламасы бойынша кететін білім алушылардан басқа, ағымдағы академиялық кезеңнің (серіктес университетте оқу кезеңі) кемінде 20 кредитін алдын ала төлеуге міндетті.

16. 1-курстың білім алушылары (талапкерлер) бірінші академиялық кезең үшін ағымдағы жылдың 20 тамызына дейін таңдап алынған академиялық кредиттер (бір академиялық кезеңде (семестрде) кемінде 20 академиялық кредит) құнының мөлшерінде ақы төлеуі қажет.

17. Ерекше жағдайларда, 1-4-курс білім алушылары үшін таңдалған кредиттер үшін ақы төлеу білім алушының тиісті өтініші негізінде төлем кестесі арқылы жүзеге асырылуы мүмкін.

18. Төлем кестесі 4 айға ұсынылады: ай сайын семестр үшін жалпы қарыздың 25%-ы. Кестеге өтінішті пәндер бойынша тіркеу басталғанға

дейін 7 жұмыс күні бұрын беру қажет. Ай сайынғы төлемдер әр айдың 20-на дейін төленуі керек. Төлем мерзімі өткен жағдайда қызметтер тізіліміне сәйкес 5 АЕК мөлшерінде өтемақы алынады.

19. Алдын ала төлемсіз таңдалған пәндерді оқуға тіркелуге рұқсат берілмейді.

20. Білім алушыны «мамандықтың» бір білім беру бағдарламасынан басқа «мамандыққа» ауыстыру кезінде білім беру қызметтеріне ақы төлеу ауысу жылына бекітілген құн тізілімі бойынша жүзеге асырылады.

21. Талапкер студенттер құрамына қабылданғанға дейін құжаттарды алғысы келген және алдын ала төлеген жағдайда, ақшалай қаражатты қайтарған кезде Университет өз пайдасына банк комиссиялары мен қызметкерлердің жұмысы бойынша жұмсалған шығындар үшін 15 000 (он бес мың) теңге мөлшерінде айыппұл алады.

Басқарма Төрағасы

Т.М. Нарикбаев

Басқарма Төрағасының бірінші орынбасары

Г.Б. Кудайбергенов

Провост

С.Г. Пен

Бас бухгалтер

Б.Б. Увалиева

ҚҚБ басшысы

М.А. Крушинский

ҚДББ

Ж. А. Букурова